

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
«Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
**Бракераждық комиссияның отырысының
№ 1 хаттамасы**

Күні: 04.09.2025 ж.

Қатысқандар:

Бракераж комиссиясының төрайымы:

1. К.К.Абильдина - басшы

Бракераж комиссиясының мүшелері:

2. Э.Ж.Тулеубекова - БТІЖО
3. М.Б.Какенова – медбике
4. Т.Е.Жумабаева- әлеуметтік ұстаз
5. А.Ж.Шайхина – ата-аналар комитеттінің төрайымы
6. А.Тоқтамысова – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Күн тәртібінде

1. 2025-2025 оқу жылындағы бракераждық комиссияның жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. Бракераждық комиссиясының міндеттерімен таныстыру.

Тыңдалды: 2025 -2026 оқу жылындағы бракераждық комиссияның жұмыс жоспарымен таныстыру

Сөйледі: Э.Ж.Тулеубекова – басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

2025-2026 оқу жылындағы бракераждық комиссияның жұмыс жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес жұмыстар атқару керектігін, комиссия мүшелеріне түсіндірді. 2025 – 2026 оқу жылында тегін ыстықтамақ ішетін оқушылар саны 14 оқушы екенін айтты. 1 – 4 сынып оқушылары 100% тегін ыстық тамақпен қамтылған. 5 – 11 сынып оқушылар арасында 5 оқушы әлеуметтік жағдайларына байланысты тегін ыстық тамақ тізіміне ұсынылды. Олар көпбалалы отбасынан – 3 оқушы, қамқоршылықта – 1 оқушы, толық емес отбасынан – 1 оқушы. Асханада тамақ уақытыл жеткізіледі. Күнделікті ас мәзірі сақталған. Ас мәзірі аудандық білім бөлімімен бекітілген.

Тыңдалды: Бракераждық комиссиясының міндеттерімен таныстыру.

Сөйледі: Э.Ж.Тулеубекова – басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Күн тәртібіндегі екінші мәселесі бойынша басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. 2025 – 2026 оқу жылында мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру 02.09.2025 ж. басталғандығын атап өтті. Білім алушыларды сапалы ыстық тамақпен қамтамасыз ету біздің басты міндетіміз. Дайындалған тамақтың сапасына, асхананың тазалығына, санитарлық, гигиеналық ережелерді сақтауға жауапты аспазшы Ляззат Абиеваға жүктеледі.

Мектеп медбикесі Какенова Марал Борапқызы тез бұзылатын өнімдерді бақылау үшін бракераждық журнал ашып, дайын өнімді тіркеуге бракераждық журнал бастау керектігін ескертті. Сонымен қатар дайындалатын өнімге уақытылы сынама жүргізеді. Оқушыларға сапалы тамақ берілуін үнемі бақылауда ұстау тікелей медбикеге жүктелетіндігін нақтылады.

Қаулы:

1.Тамақтың сапасына, жұмыс орнында санитарлық тазалықты сақтау аспазшы Л.Абиеваға міндеттелсін.

2.Мектеп медбикесі М.Б.Какенова тез бұзылатын өнімдерді бақылау үшін бракераждық журнал, дайын өнімді тіркеуге бракеражды журнал басталсын.

Жиналыстың төрайымы:  К.К.Абильдина

Хатшы:  Г.С.Байсалбаева